

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы
Қыркүйек айы

ҰҚ	Қазақ тілі 6.09.2024
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздер: балалар, балабақша, есік, терезе, тұз, ірімшік, аң, сүт
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар, слайдтық презентация
Мотивациялық-қозғаушылық	«Әдепті елдің баласы, Алдымен сәлем береді» Сәлем саған Жер Ана! Сәлем саған нұрлы күн! Аман –есен болайық, Бейбітшілік қалайық!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен күз мезгілі, апта күндері туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сәлемдесу, амандасу туралы әңгімелесеміз. -Сендер қалай ойлайсыңдар адамдан неліктен бір – бірімен амандасады? -Дұрыс айтасыңдар! -Ал сендер үлкендермен қалай амандасасыңдар? Мысалы, таңертең балабақшаға келгенде сендер бірінші кіммен амандасасыңдар? -Дұрыс айтасыңдар. Үлкен адамды көргенде сәлеметсіз бе дейсіңдер. Бейне таспа көрсету. Үлкендер бір-бірімен «Сәлеметсіз бе?», «Амансыз ба?», «Ассалаумағалейкум» - деп бір –бірімен амандасады. Ал, достар бір – біріне «Сәлем» дейді. -Балалар, біз бүгін сәлемдесудің әдептіліктің бастауы екенін білдік. Бой сергіту: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай балалар, Үп – үлкен боп өседі. Ойын: «Қалай амандасу керек?» Балалар бір –біріне әдемі гүл сыйлап, сәлемдеседі. Сырттан қазақша киім , басына кимешек киген әже келеді. Әже: мына балалар әдепті балалар екен. Кірген бойда амандасып жатыр. Мұғалім: Иә, әже біздің балалар амандасудың түр –түрін біледі. Тыңдап көріңіз. Көшелерден біз өткен, Ата көрсем жақын кеп, Сәлем берем ізетпен! «Ассалаумағалейкум»- деп Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдеппен. Сәлемдесіп сол сәтте, «Есенсіз бе, Әжей» -деп Кім кезіксе көшеде. Таныс емес демеймін. «Аға, тәте, көкеге», «Сәлеметсіз бе?» - деймін мен.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын: «Қолшатыр» Шарты: Мұғалім «Жаңбыр» дегенде балалар мұғалімнің алақанының астына сұқ саусақтарын қояды. Беске дейін санайды да қолшатыр жабылып қалады. Кімнің қолын қысып ұстап қалса сол бала мұғалімнің тапсырмасын орындайды, көрсетеді, айтады. Балалар, балабақша, есік, терезе, тұз, ірімшік, аң, сүт

Тексерілді : 6.09.2024 ж

Ізгісіз
Методисті Дағ

ҰҚ	Қазақ тілі 13.09.2024
<i>Mіндеті</i>	Міндеті: Сүйікті балабақшасы туралы түсінік беру. Сөздің дыбысталу мәдениеті.Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ң,қ,у,ұ,)дұрысайтуға машықтандыру. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Сөздер: асхана, жарық, қабатты, кең, есік, терезе, кілем, төсек
Көрнекіліктер	Балабақша суреті (1-кесте), үлестірмелі суреттер, (есік, терезе, кілем, төсек, үстел, орындық), түрлі-түсті қарандаш.
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі. -Балалар қайда келді ? Тақтадағы суретке көңіл аударды. -Балалар қайда? -Топта не бар? Жаңа сөздермен таныстыру (жұмыс дәптеріндегі суреттер арқылы).
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Мынау –есік. І-і-і-і-ік-ік-міне,есік. Мынау –есік. -Мынау не? -Мынау- терезе,те-ре-зе. -мынау-кілем,кі-лем. І-і-кі-кі-кі-лем. Әдемі кілем. Үлкен кілем. -Мынау –төсек. Ө-ө-өс-өс-төс-төс-төсек. Сергіту сәті: Отырамыз! Тұрамыз! Бір ,екі,үш. Біз жинаймыз күш! (2-Зрет қайталату). «Дұрыс қайтала,көрсет» д-ойын. Үлестірмелі қима суреттермен жұмыс жүргізіледі. «Сақ бол» д –ойыны. Жұмыс дәптеріндегі «Біздің балабақшамыз» өлеңін оқиды. Қанша бала, қанша қыз- Бір шоқ гүлміз баршамыз. Ойын күлкі ордасы- Біздің балабақшамыз. Жұмыс дәптеріндегі кілемді (түскигізді) бояту.
Рефлексивті түзетушілік	Балалар қайда барады? Қандай сөз үйрендің? Кілем қандай?

Здичер Даф-
Методист

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 20.09. 2024
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Өзінің ойыншықтары туралы әңгімелеу. Қазақ тілін тыңдау және түсіну білуді жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру. Қарапайым сұрақтар қоя білуге және оларға жауап беруге үйрету. Сөздер: Қуыршақ, жалау, қоржын, қызық, бірге, мата, резеңке, текше, таласу, бөлісу, ойнау Сөз тіркесі: Бірге ойнау, қызық ойын, ойыншықпен бөлісу Көрнекіліктері: ойыншықтар, суреттер (1-2 кесте), үлестірмелі материалдар, қоржын, жұмыс дәптер. Билингвальді компонент: доп-мяч, қуыршақ – кукла, мәшине – машина, шар – шар, кубик – кубик, текше, асық, қоян, піл, ал;
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, слайдтық презентация
Мотивациялық-қозғаушылық	Барлық елдің бөбегі, Бір-бірімен туысқан. Бәрімізге төгеді, Өз шуағын күміс таң! Қайырлы таң, балалар! «Ғажап қоржын» д-ойыны. Қоржыны бар қуыршақ Айжан келед -Айжан, қолыңдағы не? -Қоржын. -Онда не бар? -Ойыншық.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	«Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтармен таныстырады: -Мынау-текше. Тек-ше. Мынау – текшелер. Мынау қандай текше? -Мынау-асық. Қ-қ-қы-қы-ық-мынау-асық -Мынау асықтар. Мынау-қоян. Қандай дыбыстан басталып тұр? Балалар жауабын анықтап, қортынды жасату. Қ-қ-қо-қоян. Қ-қ-қу-қу-ыр-шақ Ян-ян міне-қоян. -Мынау-піл. Пі-і-іл, піл Айжан қоштасып кетеді. «Мен секілді қайтала» д-ойыны. Ал, сендер ойыншықтар туралы <i>тақпақтар</i> білесіңдер ме? Бип-бип, бип дейді, Жолдан былай кет дейді Әрмен-бермен зырылдап, Бір орнында тұрмайды.. Сергіту сәті: Мен әдемі қуыршақпын, Оңға, солға бұрыламын. Допты жерден аламын, Қайта жерге қоямын. «Айтқанды орында » Д-ойын Мысалы: - Саша, текше ал. Т.с.с. Дәптермен жұмыс. Жүргізілген тапсырманы түсіндір.
Рефлексивті түзетушілік	Топта не бар?» д-ойыны Қ -дыбысы кездесетін ойыншықтардың аттарын сұрау. - Айжанның ойыншықтары қандай екен? (Олардың сынбаған таза екенін атап өтеді.)

Тексерілді : 20.09.2024 ж

Ізгікер
Методисті Дағд

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 27.09. 2024
<i>Міндеті</i>	Күз мезгілдерін және табиғаттың жеке құбылыстарын, ай атауларын үйрету. Тілдерін дамытып, сөздік қорларын молайту. Сөздер:Қыркүйек, қазан, қараша, бұлт, мезгіл, жауын, салқын, суық, жел, қолшатыр Сөз тіркесі:жаңбыр жауады, күн суытады, жылы киім киемін, түрлі-түсті жапырақ, алтын күз, жел соғады Әдіс – тәсілдері: Сұрақ – жауап, әңгімелеу, тыңдау. Сөздік жұмыс: Сары алтындай жайқалған ,жиын-терін,берекелі күз, жомарт күз. Билигвальді компонент:күз-осень, жаңбыр-дождь, жапырақ-лист, жел – ветер
Көрнекіліктер	Күз мезгілінің суреттері, бақшадағы көкөністер, баудағы жемістер суреттері
Мотивациялық-қозғаушылық	Барлық елдің бөбегі, Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық, Жүрек жылуын салайық, Осы жақсы лебіздерді Балаларға сыйлайық.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Жұмбақ шешу Жауып жаңбыр, жерде сабыр, Шөп, жапырақ солады. Айтыңдаршы, бөбектерім , Бұл қай кезде болады? -Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз неше айдан тұрады? - Күзді неге «жомарт күз »деп атайды? Ойын : «Табиғат мейірімді ». Шарты: Сөйлемді бастап беру. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады. -Жер-Ана мейірімді ,өйткені ол(көкөністер мен жемістерді өсіреді). -Күн мейірімді, өйткені ол(жарығын, жылуын береді). Жомарт күз. Жемісі мол теретін , Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін Жомарт екен күз деген. Күз Біреу астық түсіріп, Біреу бидай ұшырып. Жатқан мезгіл күз екен Алдым соны түсініп. Күз айында жемістер мен көкөністер піседі. Жемістер бақта өседі, көкөністер бақшада өседі. -Жемістер мен көкөністерді ата. Сергіту сәті:(баяу музыка орындалады) Бастаушы: Күзде ағаш жапырақтары сарғаяды, жел соғады, ағаштар тербеледі, жапырақтар жерге қалықтап түседі.Аспанды бұлт торлайды, жаңбыр жауады.Тук,тук,тук (дыбыс шығару).Күн жарқырап шықты, біз қуанамыз!
Рефлексивті түзетушілік	Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жемісі?» Шарты: Әр жемісті сәйкес ағаштарға тауып ілу. (Алма,алмұрт,шие) ағаштары Сабақты қорыту:

Тексерілді : 27.09.2024 ж

Ізгігер
Методисті Дағ

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 04.10. 2024 ж.
<i>Міндеті</i>	Мақсаты: Жаңа сөздер үйрету; жемістер мен көкөністер қандай? сұрағына дұрыс жауап беруді үйрету қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Билингвальдік компонент: Алма- яблоко, груша - алмұрт, вишня - шие, абрикос - өрік, виноград - жүзім, картоп, қызанақ, қырыққабат, қияр, қауын – жемістер, қандай, үлкен – кішкентай, қандай- какой? т.б.
Көрнекіліктер	муляждар, бау-бақшаның суреттері, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері, түрлі-түсті қарындаштар.
Мотивациялық-қозғаушылық	Сәлемдесу: Сәнденіп, демеламыз, Сәулетті қаламыз. Сәулемен құлпырды, Сәлем күн – Анамыз!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Картоп, қызанақ, қырыққабат, қияр, қауын қайда өседі. Тақтада «Бау-бақша» суретінде жемістердің қайда өсіп тұрғанына көңілдерін аударады. Алма, алмұрт, өрік, алхор т.б. – жемістер. Же-міс. Апорт деген алма бар, Алматы оның Отаны. Ондай алма қайда бар, Жерді жарған атағы. Ыдыстағы жеміс-жидектермен таныстырады. Жемістер қандай? Мынау алмұрт. Ал-мұрт. Алмұрт қандай? Ұ-ұ-ұ-ұлт-ұрт. Алмұрт-жеміс. Алмұрт сары, дәмді. Мынау шие. Шие жеміс. Шие дәмді, қышқыл, қызыл. Алмұрт үлкен, шие кішкентай. Мынау өрік. Ө-рік кішкентай, домалақ. Тілдік жаттығу. «Қандай?» Өрік өсті, Өрік пісті. Өрік өте дәмді, Өрік жеміс. Өрік сары.Мынау жүзім. Жү-ү-ү-зім. Ү-ү-ү- жүзі жеміс, дәмді. «Ажырат» көкөністер мен жемістерді себеттерге салу. Үлкенін, кішісін бөлек салу. Сергіту сәті: Бір, екі, үш, бір, екі, үш, Бойға жинап күш. Жаттығу жасап алайық, Бір дем алып қалайық. «Алма» тақпағынмнемокесте арқылы қайталу. Алма, алма,көп алма, Қызыл, жасыл, көк алма Теріп , теріп алайық, Қалтамызға салайық.
Рефлексивті түзетушілік	Айтқанды істе»д/ ойыны Шарты: балалар педагогтың нұсқауларын орындайды. Қызыл үлкен алманы ал.Сашаға үлкен алмұртты бер, қиярды әкел, қызанақты бер. Дәптермен жұмыс істеу. Бекітуге арналған сұрақтар: Қандай сөз үйрендің?Алма қандай? Қияр қандай?, қауын

Тексерілді : 04.10.2024 ж

Ізгікер
Методисті Дағ

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 11.10. 2024ж.	
<i>Міндеті</i>	Міндеті: «Тазалық денсаулықтың кепілі» Тазалық туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіру. Сөздік қорларын байыту. Жаңа сөздер үйрету. Сөздер: бас, шаш, көз, құлақ, ауыз, тіс, қол, аяқ, саусақ, тазалық, орамал, сүлгі, тарақ, тара, түйме, ұзын, қысқа, тазалау Сөз тіркесі: Шашымды тараймын, тарақпен тараймын, бетімді, қолымды жуамын, сүртемін, тазалық сақтаймын.	
Көрнекіліктер	муляждар, бау-бақшаның суреттері, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері, түрлі-түсті қарындаштар.	
Мотивациялық-қозғаушылық	Сәлемдесу: Сәнденіп, демеламыз, Сәулетті қаламыз. Сәулемен құлпырды, Сәлем күн – Анамыз!	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Тәрбиеші: Балалар, адамдардың көңілді, әдемі жүруі неге байланысты? Балалар: Денсаулыққа Тәрбиеші: Әрине, дені сау адам бақытты адам. Дені сау болуы үшін өзін-өзі күтеді. Жазы, қысы шынығады. Егер сендер де тазалықты сақтап, денелеріңді шынықтырсаңдар, шипалы өсімдіктерді пайдалансаңдар салауатты өмір сүресіңдер. Тақпақтар: Ашытады көзіңді, Сабындаған кезінде Бола білсең төзімді Тап-таза етер өзіңді Сергіту сәті: 2 рет жасау. Бір,екі,үш, Күштіміз біз, Бір,екі,үш, Алға тартып күш. Жүземіз біз, Ойнаймыз да, күлеміз Біз осындай күшті боламыз. Балалар, сонымен бірге адам күшті,дені сау болу үшін қандай тағамдар ішу керек. Дұрыс айтасыңдар дәрумендері көп тағамдар ішу керек. Ондай тағамдарға нелер жатады? Жеміс- жидектер, көкөністер,сүт, айран, ет тағамдары, қымыз, шұбат.Бұл тағамдарды ішсек, біздің бойымыз өседі,күшіміз көбейеді және ақылды боламыз. Ойын: «Не жоқ?» тазалыққа қажетті заттарды жасыру.	Жұмбақ жасыру. Дымқылдап күнде сен Қолыңды сүйкесең Кетіп кір, ласың Тап-таза боласың. Бұл не? (сабын) Шомылған баланы Аймалап алады Сүртеді қолын да Сүртеді жонын да Бұл не? (сүлгі) Басы жоқ, сөзі жоқ Бірақ та тісі бар Басыңмен ісі бар Бұл не? (тарақ) Хормен: Тазалықтың досы Сабын деген осы Гауһар: Сылдырлайды мөлдір су Мөлдір суға қолыңды жу Хормен: Тазалықтың досы Су деген осы
Рефлексивті түзетушілік	Ойын: «Менің досым» пайдалы тағамдар туралы жасыру Сабақты қорыту. Балалармен сабақта не туралы айтқанымызды қайталау.	

Тексерілді : 11.10.2024 ж *Ізгікер*
Методист *Рауф*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 18.10. 2024
<i>Міндеті</i>	Міндеті:Балалардың отбасы туралы білімдерін одан әрі арттыру. Отбасын сыйлауға, құрметтеуге, ата-аналардың еңбектерін бағалауға тәрбиелеу. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру.Қазақ тіліне тән дыбыстарды(ә,ө,ң,қ,ұ,ұ,)дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздер:отбасы, туыс, аға, іні, қарындас, сіңілі, бақытты, балалық, дәстүр, қария, жәрдем, тату, қыдыру, демалу. Сөз тіркесі:Туысым көп, бақытты бала, балалық шақ, тату отбасы, бірге қыдырамыз Билигвальді компонент:Отбасы-семья, ана –мама,әке – папа, іні – братишка, аға – брат, қарындас – сестренка
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері
Мотивациялық-қозғаушылық	Қайырлы күн балалар! Күніміз сәтті болсын
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	-Балалар, сендерді аналарын еркелетіп,қандай жылы сөздер айтады. «Бір үйде біз нешеуіміз?» д/ ойыны. Саусақ ойыны: Бір үйде біз нешеуіміз Кел, санайық екеуіміз Бас бармағым атам, Балан үйрек әжем Ортан түрек әкем Шылдыр шүмек анам Кішкене бөбек мен Бір үйде біз нешеуіміз Бір үйде біз бесеуіміз. Сергіту сәтті. Әкем менің қайратты, Анам менің ақылды. Ұл мен қызы жарасқан, Татумыз біз осындай. Тақпақ жаттайық Атамнан басталар, Әжемнен қосталар Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар - Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін,еремін! Дыбыстық жаттығулар: А-А-А-АНА Ә-Ә-Ә-ӘКЕ Е-Е-Е-ӘЖЕ СЫ-СЫ-СЫ- ОТБАСЫ ТА-ТА-ТА-АТА ән-ән-ән Қамба толы дән. Әжем айтқан ән. Құрып жүргін сән. ер-ер-ер Қасиетті жер. Төгілді көп тер. Жемістерді тер. Қайталайды.
Рефлексивті түзетушілік	.№4үлестірмелі материалдармен жұмыс. « Суреттер сөйлейді» сөздік ойны. Тақтада ілінген суреттегі бейнелерді атау,бірге қайталау. Жапсырмаларды жапсыртқызу.

Тексерілді : 18.10. 2024ж

Ізгікер
Методисті *Дәуір*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 01.11. 2024ж.
Міндеті	Көліктер туралы білімдерін жетілдіру.Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үш ін ойын жаттығуларын қолдану.Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздер: Көлік: жеңіл машина, жүк машинасы, пойыз, метро, автобус әуе көлігі: ұшақ, тікұшақ, зымыран су көлігі: қайық, кеме жүргізуші, жол белгілері, бағдаршам Сөз тіркесі: Жүргізеді, зымырайды, ұшады, тасымалдайды, жүк тасиды. Көрнекіліктері: ойыншықтар, суреттер, үлестірмелі материалдар, қоржын, жұмыс дәптер. Билингвальды компонент: көлік – транспорт, ойыншық – игрушка, таза – чистый, сындырмаймын – не буду ломать
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері
Мотивациялық-қозғаушылық	Барлық елдің бөбегі, Бір-бірімен туысқан. Бәрімізге төгеді, Өз шуағын күміс таң! Қайырлы таң, балалар!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Дыбыстық жаттығулар: Тауықтар жүр қыт-қыт, Жыландар жүр ыс-ыс-ыс Боран қалай ұйытқиды у - у - у - у - у - у – у. Күрткі қар қалай сықырлайды. Қырт - қырт, қырт - қырт. Қасқыр қалай ырылдайды р(- р - р - р - р - р). Аю қалай ақырады. О - о - о - о - о - о - о - о Тиін жаңғақты қалай шағады. Шық - қық, шы - қық, шы - ық Балалар қолы тоңғанда ай - ай - ай – ай ой - ой - ой - ой - ой - ой дейді. «Ғажап қоржын»д-ойыны. Қоржыны бар қуыршақ Айжан келеді -Айжан, қолыңдағы не? -Қоржын. Онда не бар? -Ойыншықтар Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтармен таныстырады: -Мынау-көлік.кө - лік Мынау –көліктер.Мынау қандай көлік? Мынау менің сүйікті көлігім Мынау қандай көлік ? Бұл ұшақ. Ол аспанда ұшады. Тағы аспанда ұшатын көліктерді білесіңдер? Тікұшақ, Зымыран т.б. Мынау қандай көлік ? Бұл Кеме. Суда жүзеді. Тағы да қайық, яхта да суда жүреді. Мынау қандай көлік? Бұл автобус, жеңіл машина, Газельт.б. Тас жолмен жүреді. Мынау қандай көлік? Бұл поезд, поезд темір жолмен жүреді Айжан жарайсыңдар балалар, - деп қоштасып кетеді. «Мен секілді қайтала» д/ойыны. Сергіту сәті: Бір, екі, үш Біз жинаймыз күш. Отырымыз, тұрамыз Құс болып ұшамыз. Тақпақтар айту: Күшік, мысық, балапан, Қуыршағым балақан. Кәне, бәрің тұрыңдар, Ойын сауық құрыңдар. Ойын «Сөзді аяқта» Көліктер - Транспорты Часть – Бөлік Озера – Көл Стрела - Жебе Транспорт – ... Дорога - .. А Корабль - ... Рыба – Балық Верталет - Тікұшақ Пуговица - түйме А лодка - ... А Самолет - ... А Карета - ...
Рефлексивті түзетушілік	«Топта қандай ойыншық бар?» д/ойыны Қ – Қ дыбыстарына кездесетін ойыншықтардың аттарын сұрау. - Айжанның ойыншықтары қандай екен? (Олардың сынбаған, таза екенін атап өтеді.)

Тексерілді : 01.11. 2024ж

*Ізгікер Даң –
Методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	08.11. 2024ж.
<i>Міндеті</i>	«Ас атасы - нан» Жыл мезгілдерін және табиғаттың жеке құбылыстарын;күз мезгілінде пісетін және дайындалатын көкөністер мен жемістер, дәнді – дақылдар туралы түсініктерін молайту: Нанның қайдан пайда болатындығы туралы түсіндіру.Сөздіңдыбысталуәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздер: нан, тоқаш, бәліш, тәтті тоқаш Сөз тіркесі:нан қиқымы, нанды баспа, жерге тастама, ас атасы-нан
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып: Алақанды ашайық, Күннен жылу салайық. Таза ауадан алайық, Жүректен жылу салайық, Осы алған жылуды бір-бірімізге сыйлайық
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Дыбыстық жаттығулар: ер-ер-ер Қасиетті жер. Төгілді көп тер. ән-ән-ән Қамба толы дән. Дастарханда нан. Балалар бүгін біз дастарханымызға нанның қалай келгені туралы әңгімелейміз. Алдымен трактормен жерді жыртады, диқандар ол жерге бидайдың тұқымын тастайды. Бірнеше күндерден кейін дәндер өсе бастайды. Бидайдың сабақтары пайда болады, оны диқандар үнемі суарып отырады. Күзде астықты комбайндармен орады және үстерінен бастырады. Бидайды диірменге апарып тапсырады. Аппақ болып ұн дайындалады. Қап – қаптармен ұнды наубайханаға тасиды. Онда ұн иленіп, нан пісіріледі. Нан таситын көліктермен дайын нандарды дүкендерге әкелінеді. Дүкенде нанның бірнеше түрлері: бөлке, тоқаш, батон, торттар, печениелер, бауырсақтар, бәліштер сатылымға шығарылады. Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі. «Нанды қадірлейік» - Али мен Айя мультфильмінен үзінді. Балалар көрдіңдер ме, кейбір балалар нанмен ойнайды. Нанды тойғанынша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нанды қадірлеуіміз керек. Тиым сөздер үйрету. Нанды бір қолмен үзбе. Нанды төңкеріп тастама. Нанды, дастарқанды баспа. Нанды аяққа баспа. Бойсергіту «Бидай» Жаңбыр жауды тамшылап, Бидай өсті балбырап, Оңға, солға шайқалып Бой көтерді жайқалып. Нан қиқымын шашпаңдар.Ө.Тұрманжанов Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Ойын «Қуырмаш» Ойын «Сөзді аяқта» Число - Сан Доска - Тақтай Шерст - Жүн Корень – Тамыр А Хлеб – ... А Пшеница - ... А Мука - ... А Тесто -... Песня – Ән Палец – Саусақ Шапка – Телпек А Зерно - ... А Колобок - ... А Лепешка -... (шелпек)
Рефлексивті түзетушілік	Сабақты қорытындылау. Ақ батаны жаттау. Дастарқаннан дәм кетпесін, Көңіліңнен сән кетпесін

Тексерілді : 08.11. 2024ж.

Ізгікер
Методист *Раф*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 15.11.2024	
<i>Міндеті</i>	Тура және кері санауды үйрету. Тілдерін жаттықтырып, сандарды ажырата білуге үйрету. Сөдік қорларын байыту. Сөздер: бір, екі, үш, төрт, бес... Сөз тіркесі: бір аю, екі машина, үш қоян...	
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері	
Мотивациялық-қозғаушылық	Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки, бәріміз, Сәлем бердік үлкенге. сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, балалар! «Ғажап қоржын» д/ ойыны.	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Жұмбақ жасыру: Ағайынды бәрі: Шықса көк, түссе сары. (Жапырақ) Балалар, мына қоржын ішінде неше ойыншық бар екен. -Балалармен бірге санайды. 1,2,3,4,5. -Қоржынның екінші басында не бар екен?. Екінші басын ашады. - Асық нешеу? «Тапсырманы орында» д/ойыны. Шарты: Педагог сандарды көрсетеді. Мыс: 2 санын көрсетеді. Сергіту сәті: Бір, екі, үш! Жинап алып күш, Үш, төрт, бес Күнге қарап өс! «Ханталапай» ұлттық ойыны. Шарты: шашылған асықтарды жинау және сану. Санамай айтайық 1 - дегенім – бесік, Шықтым содан өсіп, 2 - дегенім - елім, Далам, тауым, көгім, 3 - дегенім - үміт, Үміт артар жігіт. 4 - дегенім - төзім, Төзе білем өзім. 5 - дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт. Ойын: «Нешеуі жоқ?», «Көршісін тап?» ойындарын ойнату Шарты: сандарды жасыру.	Бірге санайды. Бем ойыншықты бір-бірлеп алады. Түсін, көлемін айтып, санайды, санын айтады. Балалар екі асық не бір қуыршақ санап алады. Қимылды тақпақты қайталайды. Асықтарды санайды. Балалар ойындарды ойнайды..
Рефлексивті түзетушілік	Сұрақтар: 1.Аю нешеу? 2.Қуыршақ нешеу? Аюдың көршісі кім? тб. Суреттер бойынша жұмыс.	

Тексерілді : 15.11.2024

Ізгікер Дауыс
Методисті

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 22.11.2024	
<i>Міндеті</i>	Мамандық туралы балалардың білімін толықтыру. Мамандық түрлерімен таныстырып, әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру. Еңбек сүйгіштікке баулу. Сөздер: мұғалім, тігінші, аспаз, аспап, әзірлеу, еңбек, еңбекқор, ұшқыш, құрылысшы, құрал, аспап Сөз тіркесі: Еңбекті құрметтеу, еңбек етеді, жұмыс істейді, тамақ әзірлейді.	
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері	
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңберіне тұрғызу. Сәлемдесу: Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Құрметпенен сіздерге Бас иеміз біз. (Бас иеді)	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Жұмбақ жасыру: Балалармен мамандықтар туралы әңгімелесу: -Балалар сендер мына күнделікті келіп жүрген,өздерің тұрып жатқан үйлерді салатын адамдар бар,ауырып қалсақ емдейтін адамдар бар, киімдерімізді тігіп беретін адамдар бар, бізге білім беретін адамдар бар, шашымызды әдемілеп қиып беретін және дәмдеп тамақ пісіретін адамдар бар.Бұл адамдардың барлығын бір сөзбен айтқанда мамандық иелері дейміз. Жұмбақ шешу -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр,тыңдаймыз ба? 1.Тәп-тәтті тамағы, астардың маманы 2.Кірпіштен сарай, үй салады, ол адам кім болады? 3.. Астында жүйрігі, қолында құрығы 4. Қалықтайды, бірақ ұшпайды 5. Қолында қайшы тарағы, тәртіпке шашты салады 6.Аспанға ол самғайды, Ғарыштарды шарлайды. Болмаса егер ол кісі Білмес едік осынау Аспандағы мән-жайды. Дид/ойын «Сөйлеп тұрған кім?» Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы: 1)Балмұздақ сатамын!Балмұздақ! 2)Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын? 3) Қай жеріңіз ауырып тұр?Қазір ыстығыңызды өлшейін. 4)Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін? 5)Бүгінгі сабақта біз балалар күзгі табиғат туралы әңгімелесеміз. 6)Мен манти жасап жатырмын,қазір дайын болып қалады. Ойын: «Қай мамандық иесі?» - Тарағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (шаштараз) - Қалағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (Құрылысшы) - Ожауы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (Аспаз) Тақпақтар айту: Дәрігер: Мен дәрігер боламын Үлкеннің де баланың Қиналғанда қасына Бірінші боп барамын Дәптермен жұмыс. Жүргізілген тапсырманы түсіндір.	Балалардың жауабы. (Аспаз) (Құрылысшы) (жылқышы) (биші) (шаштараз) (Ғарышкер) Балалар тыңдап қандай маман иесі екенін анықтайды: -Сатушы -Жүргізуші -Дәрігер -Шаштаразшы -Мұғалім -Аспаз-деп өз жауаптарын береді Жырмен жаулап аламын Ұшқыш: Ар- намысын сақтаған Жүректе сыр сақтаған Жан тәнімен жаттаған Ұшқыш болғым келеді Мұғалім: Мен үлкейіп толамын Сонда осы ауылдың Бөбектерін оқытып Мұғалима боламын
Рефлексивті түзетушілік	Сын тұрғысынан сұрақтар: 1.Мамандық адамға керек пе? (иә) 2. Әр мамандықтың ерекшелігі бар ма? (иә) 3. Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?) . Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді)	

Тексерілді :22.11.2024

*Ізгісіздер Дағд-
Методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 29.11.2024																			
<i>Міндеті</i>	Мақсаты:Балаларға ас атасы – нан екендігін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екендігін, оның оңай жолмен келмейтіндігін айтып ұғындыру. Нанның қалай дастарханға келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру. Дүниетанымын, ой- өрісін, еңбекқорлығын, адамгершілігін ояту және дамыту. Нанды қастерлеуге, ысырап етпеуге, адам еңбегін бағалай білуге, еңбек етуге тәрбиелеу. Бмливальді компонент:Азық – түлік – продукты, нан – хлеб, сүт- молоко, май – масло																			
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері																			
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңберіне тұрғызу. Сәлемдесу: Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Құрметпенен сіздерге Бас иеміз біз. (Бас иеді)																			
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Болсын қасиетті нанымыз-слайд. Ұн тағамдары Ал енді осы аты аталған тағамдардың ішінде, қай тағам ең қасиетті, киелі деп аталатын тағам? Қазақ халқының басты асы нан, нансыз өмір жоқ, сондықтан дастарханға алдымен нан қойылады. -Дыбыстық жаттығулар: ер-ер-ер Қасиетті жер. Төгілді көп тер. ән-ән-ән Қамба толы дән. АН-АН-АН- дастарханда нан ДІ-ДІ-ДІ –дәмді нан ХА-ХАН-ХАН- дастарханда нан Мұғалім: Нан туралы қандай тыйым сөздер білесіңдер? Мұғалім: -Неге нанды киелі деп атайды? Мұғалім: - енді нан туралы өлең тыңдайық. Сергіту сәті: Жайқалады ақ бидай, Басын иіп аққудай. Трактор мен комбайн, Жүргізуге мен дайын. Сөзді аяқта <table border="0"> <tr> <td>Мальчик- бала</td><td>Пицца- ас</td><td>Хлеб – нан</td></tr> <tr> <td>Город- қала</td><td>Голова- бас</td><td>Цфра - сан</td></tr> <tr> <td>Камень – тас</td><td>Она- ол</td><td>Вода - су</td></tr> <tr> <td>Слезы- жас</td><td>Рука - қол</td><td>А Флаг – ту</td></tr> <tr> <td>Дедушка- ата</td><td>Молоко -сүт</td><td></td></tr> <tr> <td>Благословение- бата</td><td>Жди – күт</td><td></td></tr> </table>	Мальчик- бала	Пицца- ас	Хлеб – нан	Город- қала	Голова- бас	Цфра - сан	Камень – тас	Она- ол	Вода - су	Слезы- жас	Рука - қол	А Флаг – ту	Дедушка- ата	Молоко -сүт		Благословение- бата	Жди – күт		Тақпақ Нан - ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас Мақал жаттайық Ас адамның арқауы. Таңғы асты тастама. Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен. Дәнді шашпа, нанды баспа. Ас атасы - нан
Мальчик- бала	Пицца- ас	Хлеб – нан																		
Город- қала	Голова- бас	Цфра - сан																		
Камень – тас	Она- ол	Вода - су																		
Слезы- жас	Рука - қол	А Флаг – ту																		
Дедушка- ата	Молоко -сүт																			
Благословение- бата	Жди – күт																			
Рефлексивті түзетушілік	Д/о: «Кім не істейді?» Дастарқандағы азық –түліктің атарын атау. Сурет бойынша дастарқанға тағам қою. 1. Ақ батаны жаттау. Дастарқаннан дәм кетпесін, Көңіліңнен сән кетпесін.																			

Тексерілді : 29.11.2024

*Ізгікер Дағ-
методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 06.12.2024
<i>Міндеті</i>	Қыс мезгіліндегі табиғаттың өзгеруі; қар туралы білімдерін одан әрі арттыру.Сөздің дыбысталумәдениетін жетілдіру. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру.Қазақ тіліне тән дыбыстарды(ә,ө,ң,қ,ү,ұ,)дұрысайтуға машықтандыру. Жаңа сөздер Қаңтар, ақпан, желтоқсан, қыс, қар, аяз, мұз, боран, Сөз тіркестері: қар жұмсақ, қар сулы, қар аппақ, қар жауады
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері
Мотивациялық-қозғаушылық	Сәлеметсіңдер ме,балалар! Біз бақытты баламыз Отан біздің анамыз, Әлпештеген,осірген, Өмір нәрін аламыз, Оның жұпар-төсінен Біздің Отан-...
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Компьютер арқылы «Аққала»ойыны көрсетіледі -Балалар, аққаланы қашан жасаймыз? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Далада не бар? Өткен жылғы сөздерді естерін түсіруге көмектеседі. Балалардың көңілін тақтадағы мазмұнды суретке аударады. -Мынау қар? Қар не үшін керек? Мынау шырша, шырша, шыр-ша, шырша. Мынау не? Шыршаны қар басып тұр.----Шырша қандай? -Қар қадай? Суреттегі балалар іс әрекеіне аудару.Сұрақ қоя отырып, жаңа сөздермен таныстыру. -Балалар не істеп жүр? Сырғанақ.Сыр-ға-нақ. Нақ-нақ-мынау сырғанақ Немен сырғанап жүр? Шаңғы, шаң-ғы. Ң-ң-аң-аң-шаң-шаңғы. Мынау не? Қыста аяз болады. Аяз Сергіту сәті. Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдыды. Ойлы, қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. «Жалғастыр» Д-ойыны. Жұмбақтар Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар) Қыста мұз Көктемде су (Мұз) Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз) Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді. Аузы жоқ,ұлиды. (Боран) Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Ойын барысында жаңа және өткен тақырыптар бойынша үйренген сөздерді қолданады.Мысалы: аққала, сырғанақ, шаңғы т.б.
Рефлексивті түзетушілік	Дәптермен жұмыс ұйымдастыру. Сұрақтар: Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс қандай? Қар қандай? Қандай сөз білесің?

Тексерілді : 06.12.2024

*Ізгікер Дағ-
методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 13.12.2022ж
<i>Міндеті</i>	Қазақстан Республикасы туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Отанын, халқын, Президентті сыйлауға баулу; айланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздер: Отан, мемлекет, егеменді, тәуелсіз, бәйтерек, елбасы, елорда, мақтан, мәңгі, орталық, оңтүстік, солтүстік, әлем. Сөз тіркесі: Менің Отаным-Қазақстан. Менің елім, туған жерім –Қазақстан. Отан-оттан да ыстық.
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері
Мотивациялық-қозғаушылық	Күніміз шуақты болсын! Аспанымыз ашық болсын! Көк туымыз биік болыс! Елімізде тыныштық болсын!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Тіл ұстарту жаттығулары: Тан – тан – тан – Біздің Отан Қ-қ-қ, қазақ, Қазақстан.Бұл сөздерде қазақ тіліне тән қандай дыбыс бар?(Қ дыбысы бар) Мұғалім: Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз? Дұрыс айтасыңдар, балалар, Біздің Отанымыз – Қазақстан! Балалар, сендер біздің Елорламыз қай қала екенін білесіңдер ме? Балалар: Нұр –Сұлтан қаласы Мұғалім: Ал, балаларбіздіңмемлекетіміздіңПрезидентікім? Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Мұғалім: Балалар, Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер? Балалар: Шымкент, Қостанай, Қызылорда Мұғалім: Елімізде көптеген ұлттар тату – тәтті өмір сүреді. Балалар, қандай ұлттарды білесіңдер? Сергіту сәті. Көтеріліп шаңырақ, Керегелер керіліп, Уықтары шаншылар. Өрімдей боп өрілер, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Тақпақ жаттайық Астана арман қала Бағы бір жанған қала Тұрады ол жап – жас болып Мен үлкен болғанда да Мақал – мәтел Отан оттан да ыстық. Туған жер – алтын бесік Отан – елдің анасы. Ойын: «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек)
Рефлексивті түзетушілік	Сабақты қорыту: «Бес қадам» ойыны

Тексерілді : 13.12.2022ж

Ізгікер
Методист *Раиф*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ 20.12.20224ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Рәміздер туралы білімдерін арттыру. Рәміздерді құрметтеуге баулу. Сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіру. Сөздер: Отан, мемлекет, ту, әнұран, елтаңба. Сөз тіркесі: Менің Отаным-Қазақстан. Менің туым, туған жерім –Қазақстан. Отанның әнұраны..
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Күніміз шуақты болсын! Аспанымыз ашық болсын! Көк туымыз биік болыс! Елімізде тыныштық болсын!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Мұғалім: Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? Қыс айларын атаймыз?Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? Несімен ұнайды? Ертегі тыңдайық. «Қар қандай болады?» Кіп-кішкентай торғайлар : Қар қандай болады?-деп сұрапты.Бірінші болып күн жауап беріпті. Қар алтын сияқты болады. Ай : Қар күміс сияқты болады. Бұлт: Қар көгілдір болады Қоян: Қар аппақ болады. Үйрек: Қар суық болады. Әтеш: Қар жылы болады. Мұғалім: Балалар сендер қалай ойлайсыңдар,қар қандай болады? Балалар: Тіл ұстарту жаттығулары: Тан – тан – тан – Біздің Отан Қ-қ-қ, қазақ, Қазақстан.Бұл сөздерде қазақ тіліне тән қандай дыбыс бар? (Қ дыбысы бар) Мұғалім: Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз? Дұрыс айтасыңдар, балалар, Біздің Отанымыз – Қазақстан! Балалар, сендер біздің Елорламыз қай қала екенін білесіңдер ме? Балалар: Нұр –Сұлтан қаласы Мұғалім: Ал, балаларбіздіңмемлекетіміздіңПрезидентікім? Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Сергіту сәті. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. Мұғалім: балалар, әр елдің өзінің рәміздері болады. Біздің еліміздің де рәміздері бар? Олар: Әнұран, Ту, Елтаңба. -Еліміздің туының түсі қандай? -Көгілдір түсті –аспан мен судың түсі -Көк түс тазалықты белгілейді. -Ортасында алтын күн- бейбітшілік күні. Қыран құс –еркіндіктің,тәуелсіздіктің белгісі.Биікте самғайды және ұлттық ою бейнеленген. -Елтаңбамыздың түсі қандай? -Елтаңбамызда қазақтың қарашаңырағы-әрбір отбасының бірлігі, бейбітшілік шаңырағын көтерген, күн сәулесіндей уықтар,екі жақтағы қанатты пырақтар(қос тұлпар)-адамның досы, жоғарысында бес бұрышты жұлдыз бен «Қазақстан» деген жазу бар
Рефлексивті түзетушілік	Ойын: «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек) Сабақты қорыту: «Бес қадам» ойыны

Тексерілді : 20.12.20224ж

Ізгікер Раф-методист

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 27.12.2022ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті:Балаларға келіп жеткен жаңа жыл туралы мәлімет беру. Жаңа жыл әр бала үшін қуанышты мереке, мереке қарсаңында балаларға бірінші жартыжылдық тақырыптар барысында өткен барлық тақырыптардағы сөздері қайталату. Жаңа жылдан не күтетенідерін сұрау.Сыйлық туралы шағын әңгіме айтып беру. Сөздер: Аяз Ата, Ақшақар, шырша, сыйлық.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен оларжаңа жыл туралы әңгімелесу Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесеміз. Өткен тақырыпты қайталау үшін «Ғажайып сәт» ойын ойнауға шақырамын. Қима қағаздағы түстерді тауып, олардың түрлері атау. Жаңа сөздермен таныстыру. Сиқырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз. –Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. –Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? –Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. –Мынау – сыйлықтар. –Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. –Ақшақар балаларға не таратып жатыр? –Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. –Мынау – Аязата. –Мынау кім? –Мынау – Аязата. –Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр. –Аязата не істеп отыр? –Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр. –Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. –Балалардың көңіл күйлері қандай? –Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. Дыбыстық жаттығу Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар- Ақшақар Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық. Педагог шағын мәтін құрап айтады. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар әкеледі. Балалар мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. Сергіту сәті: Педагог ортаға шыршаны қойып, балалар шыршаны айнала ән айтады. «Жаңа жыл» әні. Жаңа жыл, жаңа жыл! Жаңа жылда жаңа жыр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді :27.12.2022ж

Ізгігер
Методисті *Дәріс*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 03.01.2025ж
<i>Міндеті</i>	Үй техникалары туралы балалардың білімдерін одан әрі арттыру. Дыбыстық және артикуляциялы қаппараттарды жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөзтіркестерін қолдануды жаттықтыру Сөздер: үтік, газ плитасы, тоңазытқыш шаңсорғыш, кір жуатын машина, ыстық, суық, мұздатқыш, қауіпті, Сөз тіркесі: сақтық шаралар, қауіпсіздікті сақтау, ыстық үтік, мұздатады
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттер, слайд,
Мотивациялық-қозғаушылық	Шеңбер болып тұрайық Алақанды ашайық Күннің нұрын алайық Таза ауаны жұтайық
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Мұғалім: Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалармен күз мезгілі туралы әңгімелесу. Балалар қазір қай жыл мезгілі? 1. Видео: (одан кейін «Фиксиктің», музыкасы естіледі.) Симка экраннан көрсетіледі: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мені таныдыңдар ма? Менің атым Симка. Мұғалім: Сәлем, Симка! Симка неге көңілсізсің? Симка: Мен Ноликті жоғалтып алдым. Іздеуге көмектесесіңдер ме? Мұғалім: Балалар, Ноликті іздеуге көмектесеміз бе? Мұғалім: Балалар мультфильмдегі Симка мен Нолик ненің ішінде жүретін еді.? (шаңсорғышта, компьютерде, кір машинасында, газ плитасында, үтікте) Дұрыс айтасыңдар! Бұл заттарды бір сөзбен қалай атауға болады? Тұрмыстық техника. (слайдтан тұрмыстық техникалар көрсетіледі) Мұғалім: Олай болса Ноликті тұрмыстық заттар арасынан іздеу керек. Мұғалім: балалар Ноликті қандай көлікпен іздеуге болады? Балалар: автобустен, ұшақпен, поездбен. Мұғалім: Олай болса поездға отырып іздейік.. Қатар, қатар, тұрайық Кәне, кәне сұрайық Болса кімнің бойы ұзын. Паравозы сол поездің Мұғалім: Кімнің бойы ұзын, балалар. Балалар: Ұзын баланы таңдайды. Ал, паравоз алға баста Пш-пш-пш- біз кеттік Гу-гу-гуілдеп, Жүруді біз үдеттік. Пш-пш-пш- біз кеттік Гу-гу-гуілдеп, Жүруді біз үдеттік. Бірінші үстел: Үтік (үтіктің не үшін керек екенін қысқаша айтады) Ноликті іздеп таппайды, тапсырманы табады. Дыбыстық жаттығуды орындаңдар. Қыш-қыш-қыш, үлкен тоңазытқыш. Ғыш – ғыш – ғыш, гулдеді саңсорғыш. Тік-тік-тік, қызды үтік! Дар – дар-дар, қосылды теледидар! Мұғалім: біз бұл жерден таппадық, әрі қарай кеттік! Екінші үстел: Кір машинасы (кір машинасы не үшін керек екенін қысқаша айтады. Онымен ойнауға болмайды.) Ноликті іздейміз, тапсырманы табады. Ойын бар екен: «Жұбын тап». Физминутка 2. Видео: Үшінші үстел: Газ плитасы, Ноликті іздейміз, тапсырманы табады. Физ. минутка жасаңдар. (Фиксики) Төртінші үстел: Тоңазатқыш (Тоңазытқыш үшін керек екенін қысқаша айтады) Ноликті іздейміз, Тапсырманы табады. (суретін таба отырып, жұмбақты шешіндер) Балалар, сендерге жұмбақ та жасырыпты, мүмкін осы жұмбақты шешкеннен кейін Ноликті табармыз. Аязға толы жәшігім, Ішінен тамақ тасыдым. (Тоңазытқыш) Танауынан Су да шығады. Бу да шығады. (Шәйнек) 2. Шаң-тозаңды сүймейді Тазалап оны жүр дейді. Аты оның..... (Шаңсорғыш) Мұғалім: Балалармен бірге компьютердің жанына келіп, Ноликті енді қайдан табамыз деген кезде муызка ойнап, 3. Видео: Нолик шығып, бұл не шу, ұйықтап қалыппын, оятып жібердіңдер ғой дейді. Нолик сені іздеп жүріп, балалар тұрмыстық құралдармен танысты. Ал балалар, қандай жаңа сөздермен таныстық Ноликке айтып, «Бес қадам» ойынын ойнайық. (Ойын ойнап болғасын)
Рефлексивті түзетушілік	3. Видео: Симка: Балалар сендер көп сөз үйреніп алыпсыңдар, мен досымды таптым. Сендерге рахмет, балалар. Біздің кетуіміз керек! Жақсы сау болыңдар. Балалар біз бүгін сендермен сөздер үйрендік, жаңа сөздерді тостағанымызға жинайық.

Тексерілді : 03.12.2025ж

*Ізгікер Дағ-
Методист*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ 10.01.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: үй жануарлары туралы білімдерін арттыру. Баланың сөздік қорын молайту арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың бойына ата – мұра құндылықтарын қастерлеуге салт – дәстүрді біліп – үйренуге тәрбиелеу. Сабақтың әдіс – тәсілдері: Түсіндіру, әңгімелеу, ойын сұрақ – жауап, жұмбақ шешу. Сабақ көрнекілігі: Слайд, суреттер, киіз үй макеті, киіз үй жабдықтары
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері
Мотивациялық-қозғаушылық	Кең даланың ежелгі, Қазақ дейтін халқымыз. Өзге ұлттай біздің де, Бар дәстүр мен салтымыз
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Тәрбиеші: Балалар біз ненің ішінде тұрмыз? Балалар киіз үйдің ішінде тұрмыз деп жауап береді. Балалар киіз үйдің құрал – жабдықтарын, құрлысын кім біледі атай алады.(балалар иә, жоқ деп жауап береді) Тәрбиеші: Дидактикалық ойын «Киіз үй» ойнатылады. Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді) Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді) Керегелер керіліп (алақандарын ашады) Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды) Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер. Тәрбиеші: Ендеше балалар мен сіздерге қазақтың киіз үйі туралы түсіндіріп өтейін. Тәрбиеші киіз үйдің құрал – жабдықтарымен таныстырып, қазақ халқының салт – дәстүрін байланыстыра отырып киіз үй туралы мол мағлұмат береді. Балалардың жауабы: Киіз үй құрлысын атап береді. - Кереге, шаңырақ, уық, босаға, сықырлауық, табалдырық, маңдайша. Туырлық, үзік, түндік, ши, есік. Сергіту сәті: Кел балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. Уықтарша иіліп, Шаңыраққа қосылып. Қазақ үйді құрайық.. Тәрбиеші: Балалардан киіз үй туралы кім тақпақтар біледі жатқа айтады. 1 – бала: Қабырғасы тор көз, Т өбесінде зор көз. (Кереге, Шаңырақ) 2 – бала: Тұмсығын тесіп. Жүннен бұйда есіп Қазыққа байлады. (Уық) 3 – бала: Төбедегі көзінен. Күн сәулесі түседі. Бұрышы жоқ төрінен. Самал еркін еседі. (Киіз үй) 4 – бала: Жетпіс екі найзасы. Біріктіріп тұрады. (Шаңырақ)
Рефлексивті түзетушілік	Тәрбиеші: Балалар біз бүгінгі сабағымызда не білдік, не үйрендік. Ненің құрлысымен таныстық? - Киіз үйдің қандай құрал – жабдықтарын білдіңдер? - Киіз үйдің құрылысы қалай аталады екен? Балалар жауап топ болып сұрақтарға жауап береді. Тәрбиеші жұмбақ жасырып сабақты қорытындылайды: Төбедегі көзінен. Күн сәулесі түседі. Бұрышы жоқ төрінен. Самал еркін еседі. (Киіз үй)

Тексерілді : 10.01.2025ж

*Ізгікер Рауф -
Методист*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі	17.01.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Жабайы аңдар, қыс мезгілі, қыс мезгіліндегі аңдардың тіршілігі туралы білімдерін одан әрі арттыру. Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды(э,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрысайтуға машықтандыру. Сөздер: Аңдар: аю, тиін, қоян, қасқыр, түлкі Сөз тіркесі: азық жинайды, қысқа дайындалады. Қыс бойы ұйықтайды.	
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттер, слайд,	
Мотивациялық-қозғаушылық	Алақанды ашайық, Күннен жылу салайық . Таза ауадан салайық. Жүректен жылу салайық . Осы алған жылуды, Бір – бірімізге сыйлайық.	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Мұғалім: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс айларын атаймыз? Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? Несімен ұнайды? Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сиқырлы қалта тауып алдым. Ол қалтаның ішінде не бар екенін сендер жұмбақ шешу арқылы тауып беріңдерші. Мұғалім: мен қазір жұмбақтар жасырамын, сендер қалтада қандай аңдар бар екенін табыңдар. 1.Құлағы ұзын, өзі қорқақ. (Қоян) 2.Қыс бойы жатады, Тәтті ұйқыға батады. (Аю) 3.Тойды баққан, Қойды қаққан. Бұл не? (Қасқыр) Тұмсығы ұзын күшті, Өзі ерен мықты Бұл не? (Піл) Өзі қу, жүрген жері айқай да шу (Түлкі) Жарайсыңдар, балалар, бұл жабайы аңдар екен. Енді, осы аңдарды «Бұл не?» ойыны Кәне, көзімізді жұмып, сипап қандай аңдар екенін анықтайықшы. Тілімізді жаттықтыруға арналған тіл дамыту жаттығулары Ян - ян - секендеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр - Бұлардың барлығын бір сөзбен не деп атаймыз? - Бұл аңдар қайда мекендейді? - Қыс түсімен көп жануарлар өздерінің ініне тығылады. Аюдың апаны қыс та жылуды сақтап тұрады. Ал, балалар қоян, қасқыр, түлкі, қысқа қарай жұқа жүні түсіп, орнына қалың жүні өседі. - Жабайы аңдар жыртқыш және пайдалы болып келеді? - Аңдардың бізге пайдасы мол, олардың терісінен тон, жаға киімдер, бас киімдер тігеді. Қасқыр- әлі жететін аңдармен, құстармен қоректенеді, үй жануарлар кездесе қалса ұстап жеп қояды. Қоян- ағаштардың қабығын кеміреді, шөп жейді. Түлкі-түрлі құстар, құстар жұмыртқасы, қар астындағы тышқандармен қоректенеді, балық аулап жейді. Аю- судан балық аулап, жидек теріп, құстармен қоректенеді, қыс бойы ұйықтайды.	
Рефлексивті түзетушілік	Жарайсыңдар ,балалар. - Балалар, біз қандай жабайы аңдар жөнінде сөйлестік? - Сендерге ойын ұнады ма?	

Сергіту сәті
Қасқыр ағаш жарады,
Түлкі кілем қағады.
Елік тамақ пісіріп,
Қоян есік жабады.
Кірпі көйлек тоқиды,
Тиын сабақ оқиды.
Д/О: "Сен білесің бе?"
Аюдың – баласы қонжық
Қасқырдың баласы – бөлтірік
Түлкінің баласы – жәудір
Қоянның баласы – көжек.
Арыстанның баласы – Алан
Жолбарыстың баласы - Таутан
Д/О: «Қандай аңның дене мүшесі?»
(хоровод)
Ей балалар, балалар,
Қоян қалай жүреді?
Қоян былай, қоян былай
Дәл осылай жүреді.
Ей балалар, балалар,
Аю қалай жүреді?
Аю былай, аю былай
Дәл осылай жүреді.
Ей балалар, балалар,
Қасқыр қалай жүреді?
Қасқыр былай, қасқыр былай
Дәл осылай жүреді.
Ей балалар, балалар,
Түлкі қалай жүреді?
Түлкі былай, Түлкі былай
Дәл осылай жүреді.

Тексерілді : 17.01.2025ж

*Ізгікер Дағд-
Методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі	24.01.2025ж																																	
Міндеті	Міндеті:Қыстап қалатын құстар және жалпы құстар туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анық айту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру.Қарапайым сұрақтар қоя білуге және оларға жауап беруге үйрету.Балалардың жекеше және көпше түрдегі зат есімді қолдану білігін дамыту. Қыстайтын құстар: қарға, қараторғай, суық торғай, шымшық, сауысқан, апан, азық, жаңғақ, Сөз тіркесі: азық жинайды, қысқа дайындалады. Қыс бойы ұйықтайды. Құстарға қамқорлық жасайды. Сөздік жұмыс: қарға, торғай, сауысқан, т.б.,																																		
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттер, слайд,																																		
Мотивациялық-қозғаушылық	Армысың шапағатты Күн-ана! Армысың шапағатты Аспан-ана! Армысың мейірімді Жер-ана! Құт дарытып бар әлемді жарылқа.																																		
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Қыстап қалатын құстар жайлы не айтуға болады? - Құстар қыста немен қоректенеді деп ойлайсың? - Ал адамдар оларға қандай көмек көрсетеді? Жұмбақтар Ойын « Шешуін тап» Құстар жайлы жұмбақ жасыру. 1. Бір-ақ уыс көлемім Шыбын-шіркей қорегім Бау-бақшаны қорғаймын Ал атым ше? (Торғаймын) 2. Ұшқаны қызық жалпылдап Өзі сондай қарқылдақ. (қарға) 3. Үстіне ақ камзолын киіп алып, Жүреді қанаттарын жиып алып. (сауысқан) 4. Еркін самғап ұшсын деп, Мәпелейміз баптаймыз. Бейбітшілік құсы, - деп. Қайсы құсты мақтаймыз. (Көгершін) Тақпақ Далада қар борайды, Ақ мамықа орайды. Мұз болады, қатады, Жып-жылтыр боп жатады. Сергіту сәті. Қарға біздің қар, қар, Сауысқаныс саңқ, саңқ. Торғайларым шиқ, шиқ, Жапалағым ух, ух. Көкек көкек, көкек деп, Ұшады екен желпілдеп.	Ойын «Сөзді Аяқта» <table> <tr> <td>Друзья –Достар</td><td>Лесница - Баспалдақ</td><td>Тетрадь - Дәптер</td></tr> <tr> <td>А птицы – ...</td><td>А дятел – ...</td><td>А голубь -</td></tr> <tr> <td>Өрмекші - Паук</td><td>Снегирь – Бозторғай</td><td>Чернила – Сия</td></tr> <tr> <td>А курица - ...</td><td>А воробей - ...</td><td>Гнездо - ...</td></tr> <tr> <td>Снеговик – Аққала</td><td>Молоток – Балға</td><td>Грабля - Тырма</td></tr> <tr> <td>А чайка - ...</td><td>А ворона - ...</td><td>А Журавль - ...</td></tr> <tr> <td>Страус – Түйеқұс</td><td>Скатерть – Дастархан</td><td>Круглый - Домалақ</td></tr> <tr> <td>А Попугай - ...</td><td>А Сорока - ..</td><td>А Сова - ...</td></tr> <tr> <td>Серый – Сұр</td><td>Тюльпан – Қызғалдақ</td><td>Лето - Жаз</td></tr> <tr> <td>А Глухарь - ... (Құр)</td><td>А Иволга - ... (сарғалдақ)</td><td>А Гусь - ...</td></tr> <tr> <td>Ель – Шырша</td><td>А Ястреб - ... (Қаршыға)</td><td></td></tr> </table> Психологиялық жаттығу - Бүркітке не жарасады? (Самғаған) қолдарын жазып көрсетеді. - Шегірткеге не жарасады?(секірген) - Ақ тауыққа не жарасады?(шоқыған) - Ақылдыға не жарасады? (оқыған)	Друзья –Достар	Лесница - Баспалдақ	Тетрадь - Дәптер	А птицы – ...	А дятел – ...	А голубь -	Өрмекші - Паук	Снегирь – Бозторғай	Чернила – Сия	А курица - ...	А воробей - ...	Гнездо - ...	Снеговик – Аққала	Молоток – Балға	Грабля - Тырма	А чайка - ...	А ворона - ...	А Журавль - ...	Страус – Түйеқұс	Скатерть – Дастархан	Круглый - Домалақ	А Попугай - ...	А Сорока - ..	А Сова - ...	Серый – Сұр	Тюльпан – Қызғалдақ	Лето - Жаз	А Глухарь - ... (Құр)	А Иволга - ... (сарғалдақ)	А Гусь - ...	Ель – Шырша	А Ястреб - ... (Қаршыға)	
Друзья –Достар	Лесница - Баспалдақ	Тетрадь - Дәптер																																	
А птицы – ...	А дятел – ...	А голубь -																																	
Өрмекші - Паук	Снегирь – Бозторғай	Чернила – Сия																																	
А курица - ...	А воробей - ...	Гнездо - ...																																	
Снеговик – Аққала	Молоток – Балға	Грабля - Тырма																																	
А чайка - ...	А ворона - ...	А Журавль - ...																																	
Страус – Түйеқұс	Скатерть – Дастархан	Круглый - Домалақ																																	
А Попугай - ...	А Сорока - ..	А Сова - ...																																	
Серый – Сұр	Тюльпан – Қызғалдақ	Лето - Жаз																																	
А Глухарь - ... (Құр)	А Иволга - ... (сарғалдақ)	А Гусь - ...																																	
Ель – Шырша	А Ястреб - ... (Қаршыға)																																		
Рефлексивті түзетушілік	«Құстарды топтастыру ойыны. Күннің жанына жыл құстарын, жемшашар жанына қыстап қалатын құстарды қою. Күн-қоқиғаз, аққу. Жемшашар-торғай, үйрек, шіл, қарға.																																		

Тексерілді : 24.01.2025ж ж

Ізгікер
Методисті *Раф-*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі	31.012025ж
Міндеті	Міндеті: Киімдер туралы балалардың білімдерін одан әрі арттыру. Сөздік қорларын байыту. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Сөздер: көйлек, шалбар, етік, шұлық, жемпір, бас киім Сөз тіркесі: әдемі көйлек, қызыл етік, қалың жемпір, Билингвалдық компонент: көйлек – платье, жейде – кофта, шалбар – брюки, тон – шуба, құлақшын – шапка, қолғап – варежки, етік – сапоги, бәтеңке – ботинки.	
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттер, слайд,	
Мотивациялық-қозғаушылық	1.Шаттық шеңбері: Ал балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Бір отбасы болайық.	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	. Сабақтың жаңа тақырыбымен таныстыру: <i>киім – одежда, көйлек – платье, жейде – кофта, күрте – куртка, шалбар – брюки, тон – шуба, бас киім – шапка, қолғап – варежки, етік – сапоги, бәтеңке – ботинки.</i> Балаларға киімдердің атауларын топпен және жеке-жеке айтқызу. 3. Киімдердің түстерін, санын сұрау: <i>Мына көйлектің түсі қандай? Мына шалбардың түсі қандай? Неше шалбар? Мына күртенің түсі қандай? Мына етіктің түсі қандай? Мына бас киімнің түсі қандай?</i> 5.Тіл дамыту жаттығулары: То-то-то-тон Де-де-де-жейде Лек-лек-лек-көйлек Ім-ім-ім-киім Ғап-ғап-ғап-қолғап Тік-тік-тік-етік Шын-шын-шын-құлақшын. 6. «Дүкенде» ойынын ойнату: Тақтаға киімдердің суреттері ілінеді. Бір бала тақтаға шығып, сатушы болады. Келесі бала сатып алушы болып келеді:	Мұғалімнің айтқандарын тыңдайды, суреттерге қарайды, қайталайды: <i>киім – одежда, көйлек – платье, жейде – кофта, күрте – куртка, шалбар – брюки, тон – шуба, бас киім – шапка, қолғап – варежки, етік – сапоги, бәтеңке – ботинки.</i> <i>Көк көйлек. Қызыл көйлек. Сары көйлек. Үш көйлек. Жасыл шалбар. Үш шалбар. Қызыл күрте. Көк етік. Жасыл бас киім. Қоңыр етік. Бес қолғап.</i> алалар мұғаліммен бірге қайталайды: То-то-то-тон Де-де-де-жейде Лек-лек-лек-көйлек Ім-ім-ім-киім Ғап-ғап-ғап-қолғап Тік-тік-тік-етік Шын-шын-шын-құлақшын. • Сәлеметсіз бе? • Сәлеметсізбе? • Маған көйлек, жейде беріңізші • Мә, алыңыз • Рахмет. • Сау болыңыз. • Сау болыңыз.
Рефлексивті түзетушілік	7. «Доп» дидактикалық ойыны	Мұғалім допты балаға ұсынып, орысша сөз айтады, бала сол сөздің қазақшасын айтып, допты қайта мұғалімге ұсынады. Келесі балаға да солай сұрақ қояды.

Тексерілді : 31.01.2025ж

Ізгігер
Методисті Дағ

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі	07.02.2025ж
<i>Міндеті</i>	Мақсаты: Табиғат, өлі және тірі табиғат, табиғаттағы құбылыстар туралы білімдерін жетілдіріп, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке баулу. Ойындар мен жаттығулар арқылы меңгерген қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жаттықтыру. Дыбыстық және артикуляциялық аппараттарды жетілдіру. Айналасындағы заттар тобын атай білуге жаттықтыру; Сөздер: Жанды, жансыз табиғат Жанды табиғат: өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер Жансыз табиғат: су, құм, тас, тау Сөз тіркесі: Өсімдіктер: гүлдер, ағаштар, шөп. Өсімдіктің жапырағы, сабағы, гүлі Өседі. Тыныс алады. Қозғалады	
Көрнекіліктер	Тақырыптық суреттер, слайд,	
Мотивациялық-қозғаушылық	1 Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	- Балалар қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Өте жақсы, ал есімізге түсірейікші алдыңғы оқу іс-әрекетімізде біз не туралы әңгімеледік. Дұрыс айтасындар. Табиғат бізге бай жерді, ағаштарды гүлдерді, жан-жануарларды сыйға берді. Ал ендеше айтыңыздаршы табиғат нешеге бөлінеді? Бүгінгі біздің оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Тірі және өлі табиғат» деп аталады. Ғылым орталығы. - Балалар, көркем әдебиет орталығына қош келдіңіздер. - Қай мезгіл? Дұрыс балалар, осы бізді қоршаған не? - Ағаш, дала, су, аспан, гүл - Табиғат деген не? - Дұрыс табиғат бізді қоршаған орта. Балалар, бүгін біз осы табиғат туралы әңгімелейміз. Табиғат екіге бөлінеді екен. Өлі табиғат және тірі табиғат: Өлі табиғатқа тау, тас, топырақ, бұлт, су жатады. Тірі табиғатқа адамдар, жан - жануарлар, ағаштар, гүлдер жатады. (Суреттер көрсетіледі) Тірі табиғат: қоректенеді, тыныс алады, өсіп - өнеді, қозғалады, жүреді сөйлейді. Өлі табиғат: қоректенбейді, тыныс алмайды, өсіп - өнбейді, қозғалмайды, жүрмейді, өсіп - өнбейді. Өлі табиғатқа құм, тас, суға байланысты тәжірибе жасап көрейік. Табиғат туралы мақал - мәтелдер: Таза болса табиғат Аман болар адамзат. Туған жердің суы тәтті Топырағы да ыстық (1 - 2 балаға айтқызу) Біз Табиғат анаға тақпақ айтып берейік.	Мұғалімнің айтқандарын тыңдайды, Жыл мезгіліне арналған суреттер             Тақпақ: Табиғат деген – ай мен күн, Табиғат деген – тау мен гүл. Табиғат деген – аспандағы жұлдыздар, Табиғат деген – ормандағы аң, құстар
Рефлексивті түзетушілік	Балалар, бүгінгі оқу-іс әрекетімізде нелерді үйрендік? Балалар, біз ғылым орталығында нені зерттедік? - Ал, көркем әдебиет орталығында қандай ертегімен таныстық? - Есеп орталығында не жасадық? Сендерге оқу-іс әрекетсіз ұнады ма? Балаларды мадақтау, оқу-іс әрекетті аяқтау	

Тексерілді : 07.01.2025ж

Ізгікер
Методист *Рауф*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 14.02.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Үй жануарлары туралы мәлімет беру. Балаларға үй жануарларын суреттер арқылы көрсетіп, олардың пайдасы туралы түсіндіру. Сүттің пайдасы мен одан жасалатын тамақтармен таныстыру. Жаңа сөздерді таныстыру барысында сөздік қорларын молайту. Ойын арқылы үлкен, кішкентай деген ұғымдарды қайталау. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Сөздер; Ат, түйе, сиыр, қой, ешкі, тауық, үйрек.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үй жануарларының ойыншықтары
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанамыз бәріміз Арайлап атқан күнге.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен үй жануарлары туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен үй жануарлары туралы әңгімелесеміз. Балалар үй жануарлары білесіңдер ме? Кімнің үйінде қандай үй жануарлары бар? Жаңа сөздермен таныстыру. — Бұлар – үй жануарлары. — Мынау – қой. Қой – үй жануары. — Мынау не? — Мынау – қой. Қой – үй жануары. — «Қой» сөзінде қазақ тіліне тән «қ» дыбыс бар. Дыбыстық жұмыс. — Қ-қ-қа-қы-қи-қо-қо. Ой-ой – ақ қой. — Мынау – ешкі. Еш-кі. Ешкі – үй жануары. Кі-кі – келді ешкі. — Мынау не? — Мынау – ешкі. — Мынау – түйе. Түйе – үй жануары. Түйе үлкен. — Мынау не? — Сандықта тағы не бар екен? Балалар ойыншықтарды кезекпен алады. Таныс ойыншықты (ат, түйе, сиыр, қой, ешкі, тауық, үйрек) атайды. Сергіту сәті. Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық)
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 14.02.2025ж

*Ізгігер
Методист* *Рауф*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 21.02.2025ж
<i>Міндеті</i>	Мақсаты:Балаларға түстер туралы мағлұмат бере отырып, олардың қазақша аталуын дұрыс аталуын үйрету:Жаңа сөздермен таңыстыру арқылы сөздік қорын толықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Көрнекіліктері: түрлі - түсті шарлар, доптар , суретті сөздіктер, жұмыс дәптер. Алдын – ала орындалатын жұмыстар: үлестірмелі материалдар. Билингвальді компонент: шар- шар, қызыл-красный, жасыл-зеленый, сары-желтый, көк-синий
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, қуыршақ киімдері, үлестірмелі қима суреттер
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Жарқыраған күнге!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Өткен сабақты еске түсіру. -Сәлеметсіңдер ме! 1. «Бағдаршам» д/ ойыны. Жасыл (түсті көрсету). Жүреміз(біз орнымызда). Сары- дайындаламыз. Қызыл- тоқтаймыз. «Қандай түсті шар? » д/ ойыны. Сұрақ-жауап әдісі арқылы түстер туралы алған білімдері пысықталады. 2.« Шарлардың түстері» д/ ойыны.Суретті сөздіктер арқылы түстерді атау. БӨШҚД-ТРИЗ өрнегі. Қызыл-алма, қызанақ, гүл,т.б Жасыл-жапырақ, шөп, қияр.т:б -Көк түсті қандай заттарды білесіңдер? -Сары түсті не көріп тұрсыңдар? 4.Сергіту сәтін өткізу. Қызыл, сары, жасыл, көк Түстерді біз білеміз. Сары күн, көк аспан, Қызыл гүл, жасыл шөп, Ауада суретін саламыз, Ойнаймыз, демаламыз. 5.Тіл дамыту жұмысы. «Қандай түсті шар жоқ?» д/ ойыны. Балалардын есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатында суреттер көрсетіледі, балалар суретте бейнеленгендерді атайды. «Есінде сақта » д/ ойыны. -Мынау не? -Күннің түсі қандай? -Мынау не? -Аспанның түсі қандай? -Мынау-Гүлдің түсі қандай? не? -Мынау не? -Шөптің түсі қандай?
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Бес қадам» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 21.02.2025ж

*Ізгікер Дау-
Методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 28.02.2025ж.
<i>Міндеті</i>	Міндеті:Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру. Жаңа сөздерді үйрену барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Балаларды табиғатты аялауға, жан-жануарларды қорғауға деген көз-қарастарын қалыптастыру. Карточкаларды көрсету арқылы аңдарды табу ойынын ойнату. Сөздер; Аю, қоян, қасқыр, түлкі, кірпі, піл, тышқан.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, жабайы аңдардың ойыншықтары
Мотивациялық-қозғаушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен аңдар туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен аңдар туралы әңгімелесеміз. — Сәлеметсіңдер ме! Қайырлы күн, балалар! «Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны. Өткен тақырыпты қима суреттер арқылы қайталау. — Мынау не? Мынау – жылқы. Мынау не? Мынау – қой Бұлар не? Бұлар – үй жануарлар Жаңа сөздермен таныстыру. — Мынау – қасқыр. Мынау не? — Мынау – қасқыр. — Мынау– түлкі. Мынау не? — Мынау – түлкі. — Бұлар – жабайы жануарлар. Олар орманда тұрады. — Жабайы жануарлар қайда тұрады? — Олар орманда тұрады. Дыбыстық жаттығу. (айнамен) Ү-Ү-Ү – ТҮЛ-КІ – ТҮЛКІ. Қ-Қ-Қ – ҚАС-ҚЫР – ҚАСҚЫР. Қ-Қ-Қ – ҚО-ЯН – ҚОЯН. ТТШТ/ТРИЗ (тапқырлар тапсырмаларын шешу теориясы): «Кім тапқыр?» (Ертегі кейіпкерлерінің элементтерін көрсету арқылы, жабайы жануарларды табу). Қоян, қасқыр, аю, түлкі. Сергіту сәті. Педагог балаларға қимылды жұмбақ жасырады, өзі балалар бірге музыканың көмегімен түрлі қимылдар жасайды. Қоян сияқты секіреміз. Аю сияқты қорбандап жүреміз. Түлкі сияқты әдемі, ақырын жүреміз. Қасқыр боламыз. Қима материалдар арқылы «Дұрыс көрсет» ойыны ойнатылады. Жабайы жануарларды педагог атайды, балалар суреттерді көрсетеді. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Жабайы жануарларды ата. Көрсет. Олар қайда тұрады? Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 28.02.2025ж

Ізгікер
Методист *Раф*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 07.03.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Балаларға көктем мезгілі туралы мәлімет беру. Көктемде болатын табиғат құбылыстарымен таныстыру. «Көктем» туралы айту. Өткен тақырыптар бойынша сөздерді суреттермен көрсету арқылы «Кім көп біледі» ойынын ойнату. Сөздер: кемпірқосақ, ай, күн, аспан, бұлт.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, қима және үлестірмелі материалдар
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен көктем мезгілі туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен көктем мезгілі туралы әңгімелесеміз. — Сәлеметсіңдер ме, балалар! Өткен көліктер тақырыбы қайталау. Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Достар бері келіңдер. Қолдарыңды беріңдер, Ғажайып толы қоржыннан Ойыншықтар алыңдар. Балалар қоржыннан ойыншықтарды алып, көлік түрлетін атайды : Мынау автокөлік (ұшақ, тік ұшақ , пойыз, велосипед). Педагог балалардың зейінін тақтадағы көрікті көктем суретіне аударады. (Демонстрациялық материалмен жұмыс). Жаңа сөздермен таныстыру. — Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? — Көктем. Көк-тем. Балалар қайталап өткен жылғы сөзді естеріне түсіреді. — Қазір жылдың қай мезгілі? — Көктем. — Мынау не? (Қар) — Қар неге еріп жатыр? — Көктем жылы. Жы-лы. Көктем қандай? (Жеке-жеке жауап береді). — Мынау – күн. Күннің түсі қандай? — Күн сары. Дыбыстық жаттығу Ө-Ө-Ө – КӨК-ТЕМ – КӨКТЕМ Ұ-Ұ-Ұ – ҚҰС Сергіту сәті. Көктем, көктем көңілді, Ағаш ектік бақшаға. Құстар келіп қонады, Дала жылы болады. Өткен сөздерді пысықтауға ойын: «Кім көп біледі». Педагог тақырыпты айтады, балалар сол тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіреді.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 07.03.2025

Ізгісіздер *Дар* – Қазақ тілінен «Айгөлек» ересек тобының циклограммасы
Методисті

ҰҚ	Қазақ тілі 14.03.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті:Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елге деген сүйіспеншілікпен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздер: мереке, тойлау, наурызкөже, ай, күн.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық- қозғаушылық	Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз. Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жүру
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен Наурыз мерекесі туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен Қазақтың ұлттық мерекесінің бірі –Наурыз мерекесі туралы әңгімелесеміз. Ғажайып сәт. –Сәлеметсіздер ме?! –Қазір жылдың қай мезгілі? –Қазір қай ай? –Бүгін аптаның қай күні? Өткен «Табиғат» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Педагог табиғатқа байланысты суреттерін көрсетеді, балалар атайды. «Құтты болсын, эз Наурыз» әнін тыңдату. –Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы? –Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені достарымызбен бірге тойлаймыз. Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру. «Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл. Құттықтау: Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Құттықтау сөздерін балалар қайталап естеріне сақтайды. Наурыз мерекесі – Қазақстанның халқы үшін ерекше мереке. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Мерекеді ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. –Мынау кім? Мынау – ата. –Мынау не? Мынау – домбыра. Ата домбыра ойнап отыр. –Ата не істеп отыр? –Ата домбыра ойнап отыр. –Мынау – алтыбақан. Мынау не? –Мынау – алтыбақан. Балалар алтыбақан тебеді. –Балалар не істейді? –Балалар алтыбақан тебеді. Адамдар ұлттық киім киеді. –Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіңдер? Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды. –Адамдардың көңіл күйлері жақсы. –Адамдардың көңіл күйлері қандай? –Адамдардың көңіл күйлері жақсы. Балалар сұрақтарға жауап беру барысында өткен тақырыптарды естеріне түсіреді. Жаңа сөздерді жеке, хормен қайталап отырады. Сергіту сәті: Ән: «Дастарқан». Ей, халайық, халайық, Бар өнерге салайық. Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқанМерекелі дастарқан –Әжей наурызкөже пісіреді. Қандай ұлттық тағам білесіңдер? Педагог балаларға суреттерді таратады. Балалар таныс тағамдарды атайды, суреттерін көрсетеді: бауырсақ, қымыз, шұбат, құрт. Ұлттық ойын: «Сақина». Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды. Санамақ айту. Бір, екі – Жердің беті. Сары шымшық, Тез ұшып шық
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды

Тексерілді : 14.03.2025ж

Ізгікер
методисті Дағ

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 28.03.2025ж	
<i>Міндеті</i>	Міндеті:Мамандықтар туралы түсінік беріп, мамандықтың бәрі маңызды екенін түсіндіру. Үлкендердің еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру. Сөздер:мұғалім, тігінші, аспаз, аспап, әзірлеу, еңбек, еңбекқор, ұшқыш, құрылысшы, құрал, аспап Сөз тіркесі: Еңбекті құрметтеу, еңбек етеді, жұмыс істейді, тамақ әзірлейді.	
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, жабайы аңдардың ойыншықтары	
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңберіне тұрғызу. Сәлемдесу: Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Құрметпенен сіздерге Бас иеміз біз. (Бас иеді)	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен мамандықтар туралы әңгімелесу: -Балалар сендер мына күнделікті келіп жүрген,өздерің тұрып жатқан үйлерді салатын адамдар бар,ауырып қалсақ емдейтін адамдар бар, киімдерімізді тігіп беретін адамдар бар, бізге білім беретін адамдар бар, шашымызды әдемілеп қиып беретін және дәмдеп тамақ пісіретін адамдар бар.Бұл адамдардың барлығын бір сөзбен айтқанда мамандық иелері дейміз. Жұмбақ шешу -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр,тыңдаймыз ба? 1.Тәп-тәтті тамағы, астардың маманы 2.Кірпіштен сарай, үй салады, ол адам кім болады? 3.. Астында жүйрігі, қолында құрығы 4. Қалықтайды, бірақ ұшпайды 5. Қолында қайшы тарағы, тәртіпке шашты салады 6.Аспанға ол самғайды, Ғарыштарды шарлайды. Болмаса егер ол кісі Білмес едік осынау Аспандағы мән-жайды. Дид/ойын «Сөйлеп тұрған кім?» Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы: 1)Балмұздақ сатамын!Балмұздақ! 2)Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын? 3) Қай жеріңіз ауырып тұр?Қазір ыстығыңызды өлшейін. 4)Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін? 5)Бүгінгі сабақта біз балалар күзгі табиғат туралы әңгімелесеміз. 6)Мен манти жасап жатырмын,қазір дайын болып қалады. Ойын: «Қай мамандық иесі?» - Тарағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (шаштараз) - Қалағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (Құрылысшы) - Ожауы бар қолында, імді айттым ойымда? (Аспаз)	Тақпақтар айту: Дәрігер: Мен дәрігер боламын Үлкеннің де баланың Қиналғанда қасына Бірінші боп барамын Инженер: Мен инженер боламын Жерден алтын табамын Жолын қуған әйгілі Академик ағаның Агроном: Нан беремін баршаға Жер маманы болам мен Барып жүрмін бақшаға Агроном ағаммен
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Кубикоград» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.	

Тексерілді : 28.03.2025ж

Ізгікер
методисті Дағ

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 04.04.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Балаларға жалпылама құстар туралы мәлімет беру. Үй құстары мен дала құстары туралы мағлұмат қалыптастыру. Жаңа сөздерді иегеру барысында, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, дыбыстау алуға дағдылау. Сөздік қорларын молайту. «Бұл не?» ойынын ойнату. Сөздік: Аққу, қарлығаш, торғай, қарға, көгершін.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үлестірме карточкалар
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен жалпылама құстар туралы әңгіме жүргізіледі. — Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен құстар туралы әңгімелесеміз. Өткен «Жабайы аңдар» тақырыбын қайталауға ойын «Ата, көрсет». Балалар жануарларды ң атап, демонстрациялық суреттен көрсетеді. Құстардың дауыстары жазылған ұнтаспа қосылады. Торғайдың шырылы естіледі. — Балалар, бұл не? Жаңа сөздермен таныстыру. Топтан торғайды іздеп табады (сурет). — Бұл – торғай. Тор-ғай. — Тор-ғай. — Ай-ай – келді торғай. — Мынау не? — Мынау – торғай. — Торғай – құс. Құұұс. Торғай не? – Торғай – құс. — Торғай ұшады. Торғай не істейді? — Мынау – қарға. Қар-ға. Қар - қар - қарға. Сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтқызу. Дыбыстық жаттығу. Ғ- ғ-ғ-ға - қарға, қарға, қарғалар, «Қарқ-қарқ», – дер қарғалар. Ұ-ұ-ұ- құұұс – құс. Сергіту сәті. Торғай, торғай, торғайсың Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тойып ал, Сонда торғай тоңбайсың. Дидактикалық ойыны: «Не жоқ?» Шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір суретті жасырады, балалар не жоғын айтады: қарға жоқ. Торғай жоқ.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ненің дауысы?» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді: 04.04.2025ж

*Ізгікер Раф-
Методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 11.04.2025ж
<i>Міндеті</i>	Мақсаты: Балаларға ғарыш, ғарыштық ұшулар, Байқоңыр ғарыш айлағы туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері туралы түсінік бере отырып, балалардың ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру. Балалардың байланыстырып сөйлеуін, көркемдік талғамын, шығармашылық қабілетін арттыру. Билингвалдық компоненті: ғарыш – космос, Зымыран – ракета, аспан – неба, космонавт - ғарышкер
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер,
Мотивациялық-қозғаушылық	<i>Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жайнай түссін қаламыз Қайырлы таң, балалар</i>
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Тәрбиеші: - Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз? Балалар: -Жер - біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз. Тәрбиеші: Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар? - Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? - Сендерге ұнай ма? Балалардың жауаптары. Тәрбиеші: Маған да ұнайды.Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсыңдар жұлдыз деген не? Олар неге ұқсайды? <i>(Балалардың жауабы)</i> Тәрбиеші: Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар! (Есік қағылып, хат тасушы хат әкеліп береді) Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы бізге хат келіпті, қане оқып көрейін ішінде не жазылған екен? -Міне, қызық хаттың ішінде жұмбақтар бар екен, жұмбақтың жауабын тауып көреміз бе? Жұмбақтар: Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады.(Күн) Күндіз бәрі қашады, Түнде аспанды басады. (Жұлдыз) Ұшады қанатсыз Зырлайды аяқсыз (Зымыран) Көлде жүрген ақ үйрек, Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай) Тәрбиеші: Ал ғарышқа кімдер ұшады? Балалар: Ғарышкер, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев
Рефлексивті түзетушілік	«Ұшты-ұшты» ойыны Тәрбиеші: Балалар, ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек? Балалар: Зымыран

Тексерілді : 11.04.2025ж

*Ізгісіздер Дағ-
Методисті*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 18.04.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Балаларға жемістер мен көкөністер туралы мәлімет беру, олардың денсаулыққа пайдасы туралы айтып беру. Балалардың сөздік қорларын молайту,қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру.Сөздерді сөз тіркесін айту дағдысын қалыптастыру.Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздер: шие, алма, алмұрт, қарбыз, қауын өрік, сәбіз, қияр, қызанақ
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, себет, жемістер муляждары:алма, алмұрт, сәбіз, қияр, қызанақ
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Жарқыраған күнге!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен жемістер мен көкөністер туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жемістер мен көкөністер түрлерімен таныс боламыз.. Сендермен ойын ойнаймыз. «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны. Педагог күз, жапырақ, жаңбырдың қима суреттерін балаларға таратып, өткен оқу қызметінде үйренген сөздерін қайталады. Жаңа сөздермен таныстыру.«Себетте не бар?» ойыны. Педагог себеттегі жемістердің суреттерін немесе муляждарын көрсетеді, жемістерді атайды. Жемістерді балаларға таратады. Жаңа сөздерді балалармен бірге қайталайды. — Мынау – алмұрт. Мынау не? — Мынау – алмұрт. Алмұрт үлкен. Алмұрт қандай? Алмұрт үлкен. Мынау – алма. Мынау не? — Бұлар – жемістер. Бұлар жемістер ме? — Бұлар – жемістер. Педагогпен бірге қайталайды: жемістер – фрукты, алмұрт – груша, алма – яблоко. «Дұрысын тап» ойыны. Қима материалдармен жұмыс. Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес суреттерді көрсету және педагогтің тапсырмасын орындау. — Алманы ал. — Алмұртты маған алып кел. Дыбыстық жаттығу (айнаны қолданып, сөздерді бірнеше рет жеке-жеке қайталайды). Ү-Ү-Ү – КҮЗ. І-І-І – ЖЕ-МІС-ТЕР. Ұ-Ұ-Ұ – АЛ-МҰРТ. Сергіту сәті. Күн шықты, Сәулесін шашты. Күз түсті, Алма, алмұрт пісті. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Суретке қара. Алма мен алмұртты тап. Жапсыр. Педагог балаларға тапсырманы түсіндіреді. Суретке қара. Алма мен алмұртты ал. Жапсыр. Жеке жұмыс жүргізеді. Жемістердің пайдасын түсіндіреді.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 18.04.2025ж

Ізгікер
Методисті *Дәуір*

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 25.04.2025ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті:Балаларға табиғаттың оянып, гүлдену туралы білім беру. Қазақтіліндегі дыбыстарды дұрыс айтудыдамытуүшінойынжаттығуларын қолдану.Балалардыңсөздікқорынкеңейтужәнебайыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздер: Көктем, гүл, құстар, көктем айлары, Сөз тіркесі: Көктем келді. Күн жылынды. Қар ериді. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр Бәйшешек- көктемнің алғашқы гүлі. Құстар ұшып келеді.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер
Мотивациялық-қозғаушылық	Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки, бәріміз, Сәлем бердік үлкенге. сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, балалар!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалар назары суреттерге аударылады. -Мынау қандай жыл мезгілі? -Көктемде не болады? Суреттегі балалар іс әрекеіне аудару.Сұрақ қоя отырып, жаңа сөздермен таныстыру. -Балалар не істеп жүр? Көктем мезгілі Көктемде күн жылына бастайды. Алғашқы гү Бәйшешек қардың астынан көріне бастайды. Қар ериді. Құстар ұшып келе бастайды. Сөзді, сөйлемді қайталайды Дыбыстық жаттығулар. КӨ-КӨ-КӨ-КӨКТЕМ. ҚО-ҚО-ҚО-ҚОЛПАТЫР. ҚҰ-ҚҰ-ҚҰ-ҚҰС. Тем – тем - тем- келіп қалды көктем Ой-ой-ой- қорада тұр қой. Ай-ай-ай- жайылып жүр тай. Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ. Зы-зы-зы- секеңдейді қозы Сергіту сәті. Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермеңдер Денелерің шынықсын. Тақпақ жаттайық Көктем, көктем,көктем, Неткен сұлу көркем. Қыс міне, кетіп барады, Көктем орнын басады. «Жалғастыр» Д-ойыны. Ойын барысында жаңа және өткен тақырыптар бойынша үйренген сөздерді қолданады.Мысалы:жапыр..., құст..., жыл..., салқ..., сар..., т.б. Ойын: «Бұл қай кезде болады?»
Рефлексивті түзетушілік	«Бұл үйде кімдер тұрады» Д-ойыны.

Тексерілді :25.04.2025ж

Ізгікер Дағ-
методист

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 02.05.2025 ж
Міндеті	Міндеті:Қазақстанның байлығы туралы түсініктерін нығайту. Отанына деген жылы сезімді ояту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік жұмыс: Отан, қала, Астана, Алматы, Қызылорда, Шымкент, Тараз, байлық, алма, мақта, күріш, бидай, мал, көмір т.б.,
Көрнекіліктер	Көрнекіліктері: Қазақстанның картасы, апорт, күріш, мақта, көмір, бидай, мал суреттері
Мотивациялық-қозғаушылық	Күніміз шуақты болсын! Аспанымыз ашық болсын! Көк туымыз биік болыс! Елімізде тыныштық болсын!
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	-Балалармен Қазақстанның байлықтары туралы әңгімелесу. Сұрақ - жауап Дыбыстық жаттығу Та- та- та- та ектім мақта, бидай, арпа. Мір- мір- мір жақтым көмір Ал- ал-ал – жайлауда көп мал “Не үшін қажет?” ойыны. Шарты: Мақта неге қажет? Көмір неге қажет?, Күріш не үшін керек? Мұнай не үшін керек? Мал не үшін керек? т.б. Қызылордада – күріш, Қарағандыда – көмір, Шымкентте – мақта Қостанайда – бидай, Алматыда – апорт алма, Өскеменде – мал шаруашылығы, Атырауда – мұнай т.б. Сергіту сәті: Қоян, қоян секеңдейсің, (балалар қоян болып секіреді). Мұздан қарғып өтем дейсің (Аяқтарын алға қарай адымдап басады) Тайып, құлап түстің, (Қол қимылымен көрсетіп сұрайды). Не болды ал, үстің? (Екі қолын алдына созып, көрсетеді) Ойын: «Картадан тап» Шарты: Картада Қазақстанның қалаларының атаулары азылған. Сол атауларға тиісті байлықтарын желімдеп ілу. Ойын. «Сөзді аяқта»
Рефлексивті түзетушілік	«Қай қалада?» Суретте көмір, күріш, мақта, алма- апорт, мұнай т.б. көрсетіледі.

Тексерілді : 02.05.2025 ж

Ізгікер Дағ-
методист


Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 16.05.2025 ж
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Ойыншық атауларын қайталау. Оларды берші сөзімен байланыстара қолдануға, ойнағысы келген ойыншықты сұрап алуға үйрету. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау; балалардың сөйлеуін дамыту Сөздік: автокөлік, ұшақ, тік ұшақ, пойыз, велосипед.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірме карточкалар
Мотивациялық- қозғаушылық	Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен ойыншық атаулары туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен ойыншық атаулары туралы әңгімелесеміз. «Доп үрлеу» ойыны. Педагог балалармен шеңбер құрып тұрады. Доп үрлегендей, ауыздарымен тыныс алу жаттығуларын жасайды. — Үлкен доп боламыз, кішкентай доп боламыз. 2.Негізгі кезең Педагог балалардың назарын ойын бұрышына аударып, сұрақтар қояды. — Мынау не? (Доп). — Мынау қандай доп?(Үлкен доп). — Мынау қандай доп? (Кішкентай доп). — Мынау не? (Мынау – қуыршақ. Мынау – мәшине). — Мынау қандай мәшине? (Үлкен мәшине, кішкентай мәшине. Үлкен ұшақ, кішкентай ұшақ). Жаңа сөздермен таныстыру. Менің сүйікті ойыншығым – ұшақ — Өзіңнің сүйікті ойыншығыңды ата? — Менің сүйікті ойыншығым – мәшине т.б. Педагог тақпақ оқиды. Ойыншықтар көп бізде, Бәрін жақсы көреміз. Достарыммен жалықпай, Бірге ойнап жүреміз. Тақпақта не туралы айтылған? (Ойыншықтар туралы. Балалардың ойыншықтары көп). Сергіту сәті.Добым, добым, домалақ, Қайда кеттің домалап? Тепсең болды секіріп, Ұстатпайсың, қашасың. Дыбыстық жаттығу (айнамен). Қ-ЫҚ-ШЫҚ – О-ЙЫН-ШЫҚ – ОЙЫНШЫҚ. АҚ-ОҚ-ШАҚ – ҚУ-ЫР-ШАҚ – ҚУЫРШАҚ . Ә-Ә-Ә – МӘ-ШИ-НЕ – МӘШИНЕ. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Балаларға ойыншық салынған парақшалар таратылып, ондағы ойыншық атауын кезек-кезекпен айқызу.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытындылайды.

Тексерілді 16.05.2025 ж

Ізгікер
Методисті *Дәуіс*


Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 23.05.2025 ж	
<i>Міндеті</i>	Мақсаты:Жаз мезгілі, жазғы өзгерістер, ойындар арқылы білімдерін жетілдіру. Қазақ тілін тыңдау және түсіну білуді жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру. Балалармен мақал-мәтелдерді жатқа айтуды жалғастыру. Сөздер:Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз Ыстық, демалу, піседі, қыздырыну, шомылу, жүзу Сөз тіркесі: Күнге қыздырыну, суда жүзу, күнге киетін көзілдірік, жазғы демалыс, ыстық жаз	
Көрнекіліктер	Көрнекіліктері: Қазақстанның картасы, апорт, күріш, мақта, көмір, бидай, мал суреттері	
Мотивациялық-қозғаушылық	Күніміз шуақты болсын! Аспанымыз ашық болсын! Көк туымыз биік болыс! Елімізде тыныштық болсын!	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	- Дыбыстық жаттығу аз-аз-аз Құдықты қаз. Қаңқылдайды қаз. Келіп қалды жаз. Болып қапты жаз. Балалар назары суреттерге аударылады. -Мынау қандай жыл мезгілі? -Жазда не болады? Суреттегі балалар іс әрекеіне аудару.Сұрақ қоя отырып, жаңа сөздермен таныстыру. -Балалар не істеп жүр? -Шомылу шо- мы- лу Лу – лу -мынау шомылу Немен жүзіп жүр? Қайықпен Ық – ық қайық Жазда ауа – райы қандай болады? Жаз ыстық. Тық-тық Ыстық. Түрлі – түсті гүлдер өседі. Ромашка – Түймедақ, Астра, Лиля, Қызғалдақтар, Роза т.б. Түстері - қызыл, ақ, сары, көк т.б.  Сөзді,сөйлемді қайталайды	Мақал-мәтелдер жаттап үйренейік. 1.Қыс азығын жаз жина. .Көктемде түскен бір дән. Күзде мың дән болады. 3.Қыс қарлата келеді, Көктем жауындата келеді. Дәптермен жұмыс ұйымдастыру. Ойын: Сөзді аяқта Сергіту сәті. Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермеңдер Денелерің шынықсын.
Рефлексивті түзетушілік	«Қуырмаш» Д-ойыны. Ойын барысында жаңа үйренген сөздерді қолданады. Мысалы: жаз, құстар, ыстық, су, шомылу.	

Тексерілді : 23.05.2025 ж

Ізгікер Дәріс-методисті

Қазақ тілінен «Балапан» орта тобының циклограммасы

ҰҚ	Қазақ тілі 30.05.2025 ж	
<i>Міндеті</i>	Мақсаты: Жаз мезгілі, жазғы өзгерістер, ойындар арқылы білімдерін жетілдіру. Қазақ тілін тыңдау және түсіну білуді жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру. Балалармен мақал-мәтелдерді жатқа айтуды жалғастыру. Сөздер: Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз Ыстық, демалу, піседі, қыздырыну, шомылу, жүзу Сөз тіркесі: Күнге қыздырыну, суда жүзу, күнге киетін көзілдірік, жазғы демалыс, ыстық жаз	
Көрнекіліктер	Көрнекіліктері: Қазақстанның картасы, апорт, күріш, мақта, көмір, бидай, мал суреттері	
Мотивациялық-қозғаушылық	Күніміз шуақты болсын! Аспанымыз ашық болсын! Көк туымыз биік болыс! Елімізде тыныштық болсын!	
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	- Дыбыстық жаттығу аз-аз-аз Құдықты қаз. Қаңқылдайды қаз. Келіп қалды жаз. Болып қапты жаз. Балалар назары суреттерге аударылады. -Мынау қандай жыл мезгілі? -Жазда не болады? Суреттегі балалар іс әрекеіне аудару. Сұрақ қоя отырып, жаңа сөздермен таныстыру. -Балалар не істеп жүр? -Шомылу шо- мы- лу Лу – лу -мынау шомылу Немен жүзіп жүр? Қайықпен Ық – ық қайық Жазда ауа – райы қандай болады? Жаз ыстық. Тық-тық Ыстық. Түрлі – түсті гүлдер өседі. Ромашка – Түймедақ, Астра, Лиля, Қызғалдақтар, Роза т.б. Түстері - қызыл, ақ, сары, көк т.б.  Сөзді, сөйлемді қайталайды	Мақал-мәтелдер жаттап үйренейік. 1. Қыс азығын жаз жина. .Көктемде түскен бір дән. Күзде мың дән болады. 3. Қыс қарлата келеді, Көктем жауындата келеді. Дәптермен жұмыс ұйымдастыру. Ойын: Сөзді аяқта Сергіту сәті. Шаршасаңдар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер Денелерің шынықсын.
Рефлексивті түзетушілік	«Қуырмаш» Д-ойыны. Ойын барысында жаңа үйренген сөздерді қолданады. Мысалы: жаз, құстар, ыстық, су, шомылу.	

Тексерілді : 30.05.2025 ж

*Ізгікер Рауф –
методист*